

Қосымша дәрі-дәрмектер беру туралы

Күші жойған

VI сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXV сессиясының 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 184 шешімі. Алматы қаласы әділет департаментінде 2017 жылғы 26 желтоқсанда № 1441 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2021 жылғы 18 қыркүйектегі № 94 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 18.09.2021 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексінің 9 бабы 1 тармағының 5) тармақшасына сәйкес, VI сайланған Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Орфандық және сирек кездесетін аурулармен ауыратын азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде қосымша "Физионил" ерітіндісі, "Паливизумаб", "Куван" дәрілік заттары тегін берілсін.

2. Алматы қаласы мәслихатының аппараты осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді, оны кейіннен ресми мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде және ресми интернет-ресурста жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі тұрақты комиссиясының төрайымы Х.А. Есеноваға және Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.А. Дәрібаевқа жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

VI сайланған

*Алматы қаласы мәслихаты
XXV сессиясының төрағасы*

А. Төлепов

VI сайланған

*Алматы қаласы мәслихатының
хатшысы*

Қ. Қазанбаев